

## Әлеуметтік педагог жұмысына талдау 2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылында мектептегі әлеуметтік қолдау қызметі бойынша I – әлеуметтік педагог қызмет атқарады.

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, нормативтік – құқықтық құжаттар базасы жинақталып, мектептің әлеуметтік төлқұжаты әзірленді.

Мектептің 2022 – 2023 оқу жылы бойынша әлеуметтік төлқұжаты төмендегідей мәлімденді:

Барлық оқушылар - 76

Отбасы түрі бойынша

1 Толық отбасылар - 47

2 Толық емес отбасылар - 6

3 Анасы жоқ балалар - 0


4 Әкесі жоқ балалар - 4

5 Көп балалы отбасы - 14

6 Аз қамтамасыз етілетін отбасы - 0

7 Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар - 0

«Мектепке жол» акциясы аясында «Қазақойл» акционерлік қоғамы демеушілігімен көпбалалы отбасы және толық емес отбасынан шыққан 16 білім алушыларға мектеп сөмкесі мен оқу құралдарын алып берді.



Қыркүйек айында жоспар бойынша ата-аналар жиналыстарына өтті. Жиналыста әлеуметтік педагог тарапынан ата-ана және бала бала құқығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, тренинг ұйымдастырылды.



Мектептегі қиын және құқықбұзуға бейім балаларды анықтау, есепке алу, қолайсыз отбасыларды анықтау мақсатында «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдан-алу» тақырыбында мектеп әкімшілігі мен полиция аға лейтенанты Ингербаев Нуржан Булатұлы оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Жоспарға сәйкес МДПЖО, әлеуметтік педагог, мектеп психологі бірлесе отырып «Бақытты ана- бақытты бала- бақытты ел» тақырыбында көпбалалы отбасы ата-аналарына жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында ата-аналарға өздерінің және бала құқығы туралы түсіндірме жұмыстары тренингтер мен видеороликтер, сұрақ –жауаптар берілу арқылы жан- жақты түсіндірілді.




Желтоқсан айының жоспарына сәйкес мектеп бітіруші 9- сыныпқа «Мамандық таңдау» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүгізілді.

Максаты: Мамандықтар туралы түсініктерді кеңейту, мамандық талаптары және өмірдегі маңызын түсіндіру.


Түсіндірме жұмысына Мұғалжар ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты Тилеген Нурбек Тилегенулы оқушыларға М. Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясына оқуға түсу бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.



«Отбасылық қарым- қатынас» тақырыбында орта буындағы 5,6 сынап оқушыларына эссе жазу жұмысы жүргізілді. Мақсаты: отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтауға, отбасында бір-біріне сый-құрметтерін дамытуға ықпал ету. Балалар отбасы мүшесінің бір-бірімен қарым-қатынасы барысында назарға ұсталатын басты қағидаларды басшылыққа ала отырып, өз ойларын ашық та толық жеткізе білді. Эссе барысында оқушылардың өз отбасы туралы ойы мен байланысы қаншалықты деңгейде екені ашық байқалды.




Мектебімізде жоспарға сай жоғарғы класс оқушыларымен медициналық сала өкілдерімен кездесу өткізілді. Кездесуде медицина өкілдері оқушыларға жеке бас гигиенасы, түрлі жұқпалы аурулар туралы мағлұмат беріп, оқушылардың көкейінде жүрген түрлі сұрақтарына жауап берді.



Әлеуметтік көмекті қажет ететін, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың білім алуын қадағалау мақсатында жүргізілген жұмыстар барысында әлеуметтік көмекке мұқтаж яғни қыстық аяқ киіміне қаражаты болмаған жалғыз басты ананың баласына 11500 (он бір мың бес жүз) теңгеге мектеп ұжымы қысқы етік алуға қаражат жинап берді.

«Туған жерге тағзым » акциясы негізінде мектеп ұжымы мектепте жұмыс барысында пайдаланатын яғни А3 қағазын ламинаттайтын ламинатор алып берді. Ламинатор құны - 30000 (отыз мың) теңге. Мақсаты: Ауыл тұрғындарының бойына ауылына, туған жеріне деген патриоттық сезімін қалыптастыру.



Желтоқсан айының 26 күні Ембі қаласында ұйымдастырылған Аудан әкімінің шыршасына мектебімізден көпбалалы отбасынан шыққан дарынды балалар қатысты. Балалар жаңа жылдық костюммен өз өнерлерін көрсетіп, Аяз атаның сыйлықтарына ие болды. Сонымен қатар, 8 дарынды оқушыға аудан әкімінің сыйлықтары мектепте табысталды.




Округ әкімі балалар жылына орай жаңа жыл мерекесі құрметіне даярлық тобы мен бастауыш сыныпта оқитын 48 балаға сыйлық таратты. Мұндай сыйлыққа ие болған оқушылар да олардың ата –аналары да әкімге алғыстарын айтып, риза болысты.




Ақпан айының жұмыс жоспары бойынша «Шаш өру – қазақ қызына тән» пікірталас сабағы өтті.

Максаты: қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т. б жан — жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу; оқушылардың ойлау, есте сақтау, танымдық қасиеттерін дамыту; қазақ халқының әдет — ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіру.

Мектебімізде 7 – 8 сынып қыздары арасында шаш өру түрлеріне ашық сабақ өтті. Сабақ қыздарға шаш күтімі, шашты әсемдеуге түрлі әдістер, бейнероликтер көрсетіліп, үйретілді. Сонымен қатар, қыздарға тақырыпқа байланысты мақал – мәтелдер, нақыл сөздер айтылды.



Мектебімізде «Қайырымдылық – игі іс» акциясы өтті. Акция барысында 4-9 класс оқушылары арасында жәрмеңке өтті. Жәрмеңкеден түскен қаражатқа әлеуметтік жағдайы төмен екі оқушыға көктемгі аяқ киім мен бір оқушыға оқу құрал алып берілді.



14 наурыз «Көрісу күні» амал мерекесіне орай, «Қайырымдылық жасау – біздің ортақ ісіміз!» қайырымдылық акциясы өтті. Акция барысында мектеп мұғалімдері Нағашыбайқызы Қарақаттың еміне 11 000 (он бір мың) тенге аударды.



Наурыз айының жоспарына сай сауалнама арқылы оқушылардың ұстаздарымен қарым-қатынасын, оқушы өміріндегі жағдаяттармен толық мағлұмат алу мақсатында 5-9 сыныптар «Оқушы өміріндегі жағдаят» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама 13 сұрақтан, құпия түрде сақталатынын ескертілді. Оқушылар өз ойларын ашық жазды.



30. 05. 2023 жылы мектебімізде «Бала қауіпсіздігі – ортақ мүддеміз» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтті.


Жиналыстың күн тәртібінде бірқатар мәселелер қаралды:

- Каникул кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігінің сақталуы
- Қала сыртындағы лагерь
- Ағымдағы мәселелер

Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог биылғы каникулда болатын лагерь туралы яғни «Күншуақ», «Бөбек» лагерьлеріне – диагнозы бар, инклюзив оқушылар; Қала сыртындағы лагерь – аз қамтылған оқушылар;

«Шұғыла» лагеріне – 5-8 – класс оқушылары. Үздік және дарынды оқушылар баратынын айтып өтті. Осы лагерьге баратын оқушыларды тізімі мен олардың жинайтын қажет құжаттары айтылды.

Жиналыс соны ата -ана мен бала арасындағы қарым –қатынасқа байланысты «Стакандағы су» тренингімен аяқталды.



«Туған жерге тағзым» акциясы бойынша мектепке 2003 жылғы түлектер 230515 (екі жүз отыз мың бес жүз он бес) тенгеге ақшалай сертификат .

2013 жылғы түлектер 267 000 (екі жүз алты жүз алпыс жеті мың) тенгеге тас кеспекшелер (брусчатка) алып берді. 2023 жылғы түлектер 38250 (отыз сегіз мың екі жүз елу) тенгеге мектепке газон сыйлады. Мектеп директоры мектепке көмек көрсеткен түлектерге алғысын білдіре отыра, алғыс хат табыстады.

Максаты: Жастардың бойына Отанына, еліне деген патриоттық сезімін қалыптастыру.



«I маусым- балаларды қорғау күні» балалардың көңіл-күйін көтеруге мерекелік концерт ұйымдастырылды. Концерттік бағдарламаға мектеп оқушылары мен шағын орталық, МАД тәрбиеленушілері қатыстысты. Ұйымдастырышылар балаларға түрлі ойындар ойнатып, ән айтқызып, би билетті. Шара соңында Құмжарған селолық округының әкімі Қалиев Қанағат Ғабдулғазыұлы «Қазақойл» акционерлік қоғамы демеушілігімен шағын орталық тәрбиеленушілеріне 100385 (жүз мың үш жүз сексен бес мың) тенгеге 17 сыйлық берілді.

Сонымен қатар, «Гүлсая», «Аяулым» дүкендерінің иелерінің әрқайсысы 60 балмұздақтан таратты.



Демеушілер тарапынан көрсетілетін қайырымдылық іс шараларын ұйымдастыру мақсатында аудандық білім бөлімі ұйымдастырған «Алпамыс батыр» атындағы саябақта «Барлығы балалар үшін» атты фестиваль өткізілді. Фестивальге мектебімізден 3 оқушы қатысты. 5-класс оқушысы Тұңгатаров Қайсар қол күрес сайысына қатысып, жүлделі I орынға иеленді.



2022 – 2023 оқу жылдың 29 шілде мен 7 тамыз айында мектебіміздің 5-9 сынып оқушыларының арасында оқу озаттары мен дарынды оқушылар арасынан 5 оқушы қала сыртындағы «Шұғыла» лагеріне барып, демалып келді.

Мақсаты: Балалардың денсаулығын жақсартуға, ой-өрісін дамытып, ойлау қабілеттерін арттыру және дене мәдениетін сақтауға, күш-қуатын жақсартып, шығармашылықпен жұмыс атқару, азаматтық тәрбие, адамгершілікке, отаншылдыққа баулу.



Мектеп директоры:  Абишева Г.К

